

## Мақала туралы мәлімет / Содержание

«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых «МОЛОДЕЖЬ И НАУКА: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «YOUTH AND SCIENCE: PRESENT AND FUTURE»

<b>Жинақ</b>	IV, Атырау, 8/04/2026, 2026 ж.
<b>ISBN</b>	978-601-262-638-4
<b>Секция</b>	СЕКЦИЯ IV. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ / ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ Секция IV.II. Цифрлық технологиялар жағдайындағы құқықтық жүйені дамыту және құқық қолдану тәжірибесі / Развитие правовой системы и практика правоприменения в условиях цифровых технологий
<b>Жинақтағы рет нөмірі</b>	№ 059
<b>Мазмұндағы беті</b>	284
<b>Жарияланған беттері</b>	284-289
<b>Автор(лар)</b>	Даулетова Диана Ерлановна
<b>Мақала атауы</b>	ЭЛЕКТРОНДЫҚ ШАРТТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘНІ, ЕРЕКШЕЛІГІ
<b>Мазмұндағы жазылуы</b>	Даулетова Д.Е., Жағыпар Ж.Ж. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ШАРТТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ- ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘНІ, ЕРЕКШЕЛІГІ

Ескерту: бет нөмірлері жинақтың соңындағы «МАЗМҰНЫ» бөліміндегі жарияланған беттерге сәйкес берілді.

**«ЭЛЕКТРОНДЫҚ ШАРТТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘНІ,  
ЕРЕКШЕЛІГІ»**

**Даулетова Диана Ерлановна**

[zhagypar77@list.ru](mailto:zhagypar77@list.ru)

«Құқықтану» білім бағдарламасының 2 курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі, з.ғ.м., аға оқытушысы – Жағыпар Ж.Ж.

Бұл мақалада электрондық шарттардың азаматтық құқықтық табиғаты теориялық және практикалық тұрғыдан зерттеледі. Электрондық шарт ұғымына анықтама беріліп, оның дәстүрлі қағаз шарттан айырмашылықтары – материалдық емес жеткізгіш, электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану, жасалудың жеделдігі және қашықтықтан жасалу сияқты белгілері айқындалады. Мақалада электрондық шарттардың жасасу тәртібі (офферта және

акцепт), электрондық цифрлық қолтаңбаның түрлері мен олардың дәлелдемелік құндылығы, сондай-ақ трансшекаралық сипатқа байланысты құқықтық коллизиялар қарастырылады. Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдеріне (хакерлік шабуылдар, техникалық ақаулар, адам факторы) және олардың алдын алу шараларына ерекше назар аударылады. Банк секторындағы электрондық шарттардың қолданылу ерекшеліктері, оның ішінде банктік шот шарты, электрондық төлем құралдары, биометриялық аутентификация мәселелері талданады. Қорытындыда электрондық шарттар институтын жетілдіру жолдары ұсынылып, олардың дәстүрлі азаматтық-құқықтық қағидаттармен үйлесімділігі айқындалады.

XXI ғасырдағы азаматтық айналымның дамуы ақпараттық технологиялардың ықпалымен түбегейлі өзгерістерге ұшырап отыр. Цифрлық трансформация деп аталатын бұл үдеріс құқықтың дәстүрлі институттарына да терең еніп үлгерді. Атап айтқанда, шарт жасасу дегеніміз бұрын тараптардың міндетті түрде кездесуін, қағаз бетіне қол қоюын немесе пошта байланысы арқылы хат алмасуды талап ететін болса, бүгінде бұл рәсімдердің көпшілігі электрондық ортаға көшіп, шарт жасасу процесі бірнеше секундтың ішінде аяқталатын болды. Бірақ осы жеделдік пен ыңғайлылықтың артында құқықтық теория үшін жаңа да күрделі мәселелер тұр. Электрондық шарт дегеніміз не? Ол дәстүрлі шарттан тек нысанымен ғана ерекшелене ме, әлде оның құқықтық табиғаты мүлдем өзгеше ме? Осы сұрақтарға жауап табу – заманауи азаматтық құқық ғылымының өзекті міндеттерінің бірі. Бұл мақаланың мақсаты – электрондық шарттардың азаматтық-құқықтық сипатын теориялық тұрғыдан ашу, олардың дәстүрлі қағаз шарттармен салыстырғандағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау, сондай-ақ құқық қолдану практикасында туындайтын кейбір проблемалық аспектілерді қарастыру. Мақалада қолданыстағы қазақстандық заңнамаға, сондай-ақ халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, электрондық шарттардың құқықтық табиғатына кешенді талдау жасалады.

Электрондық шарт ұғымын түсіну үшін Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңына сүйенеміз. Оның 1-бабының 12-тармағында электрондық құжат ұғымы былай бекітілген: «электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат». Ал Азаматтық кодекстің 152 бабының 1-1, 2, 3-бөліктері жазбаша мәміленің қалай жасалатынын және қандай нысандарда танылатынын айқындайды. Мәміле тек қағаз құжат арқылы ғана емес, электрондық форматта да рәсімделуі мүмкін, яғни қазіргі цифрлық құжаттар дәстүрлі қағазбен тең құқықтық күшке ие. Мәміленің заңды күші болуы үшін тараптар немесе олардың өкілдері оны қол қою арқылы растауы тиіс. Қол қою – тараптардың еркін білдіруінің негізгі дәлелі болып саналады. Сонымен қатар, заңға немесе тараптардың келісіміне қайшы келмеген жағдайда, қолтаңбаның факсимилелік нұсқасын немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдануға жол беріледі. Келісім міндетті түрде бір құжатта рәсімделмеуі мүмкін. Тараптар бір-біріне қол қойылған құжаттарды жіберіп, алмасу арқылы да мәміле жасай алады. Мұндай тәсіл тәжірибеде кеңінен қолданылады және заң бойынша жазбаша нысанға теңестіріледі. Осыған орай, электрондық шарт деп тараптардың электрондық ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, келісімге келгенін растайтын, электрондық нысанда жасалған мәмілені түсінген жөн.

Электрондық шарттың дәстүрлі шарттан айырмашылығы - оның бірнеше ерекше белгілерінен көрінеді. Біріншіден, бұл шарттың материалдық емес жеткізгіште болуы. Қағаз шартта ақпарат қағаз бетіне бекітілсе, электрондық шартта ақпараттық жүйелерде, серверлерде, бұлттық сақтау орындарында немесе кез келген электрондық жеткізгіште сақталады. Бұл өз кезегінде шарттың физикалық тұрғыдан қолжетімділігіне, оны жоғалту немесе бүлдіру тәуекелдеріне әсер етеді. Екіншіден, электрондық шарттың міндетті атрибуты – электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе оның аналогын пайдалану. Қағаз шартта адамның қолы қойылса, электрондық шартта тараптардың ерік білдіруі криптографиялық әдістермен куәландырылады. Бұл жерде маңызды мәселе – электрондық цифрлық қолтаңба қағаздағы қолтаңбаға толық балама бола ала ма деген сұрақ. Қазақстандық заңнама бұл сұраққа оң жауап береді, бірақ практикада соттар электрондық қолтаңбаның дұрыстығын дәлелдеу мәселесінде

кейде қиындықтар туындайды. Үшіншіден, электрондық шарттардың жасалу жеделдігі. Егер дәстүрлі шартты жасасу үшін тараптардың бірнеше рет кездесуі, құжаттарды поштамен жіберуі немесе факспен алмасуы қажет болса, электрондық шарт бірнеше секундтың ішінде жасала алады. Тарап бүкіл әлемнің екінші шетінде орналасқан контрагентпен нақты уақыт режимінде келіссөздер жүргізіп, дереу қол қоя алады. Бұл азаматтық айналымның тиімділігін арттырады, бірақ сонымен бірге асығыстықпен қате шешім қабылдау тәуекелін де арттырады. Төртіншіден, электрондық шарттардың қашықтықтан жасалу мүмкіндігі. Бұл белгісі электрондық шартты қашықтықтан жасалатын мәмілелердің бір түрі ретінде сипаттайды. Тараптар бір-бірін көрмеуі мүмкін, олар әртүрлі елдерде, тіпті әртүрлі материктерде тұруы мүмкін. Бұл ретте шарт жасасу үшін географиялық шекаралар ешқандай кедергі болмайды. Алайда, бұл белгі құқықтық реттеу тұрғысынан жаңа мәселелер туғызады: егер тараптар әртүрлі елдердің азаматтары болса, онда қай мемлекеттің заңы қолданылуы керек? Бұл сұраққа жауап беру әлі де күрделі мәселе болып қала береді. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде мәмілелердің жазбаша нысанына қойылатын талаптар нақты көрсетілген. Басты жағдай – электрондық құжаттың қағаз құжатқа теңестірілуі. Қазақстанның «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңында 7-бапқа сәйкес осы Заңның талаптарына сай электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат, заңдық күші жағынан қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен бірдей болып табылады. Осыған қарамастан, кейбір сот практикасында судьялар әлі күнге дейін электрондық құжаттарға күдікпен қарайды, олардың түпнұсқалығын дәлелдеуді қажет ететін қосымша дәлелдемелер ретінде қарастырады. Бұл, әсіресе, тараптардың бірі электрондық шарттың оның еркіне қарсы жасалғанын немесе ол қол қоймағанын дәлелдеуге тырысқан жағдайда жиі кездеседі.

Ендігі сұрақ – нотариаттық куәландыруды немесе мемлекеттік тіркеуді талап ететін мәмілелерге қатысты. Мысалы, жылжымайтын мүлікпен жасалатын мәмілелердің көпшілігі нотариаттық куәландыруды және әділет органдарында тіркеуді талап етеді. Электрондық нысанда нотариаттық куәландыруды қалай жүзеге асыруға болады? Қазіргі таңда Қазақстанда электрондық нотариат институты дамып келеді, бірақ бұл процесс әлі де жетілдіруді қажет етеді. Нотариустардың электрондық цифрлық қолтаңбасы, олардың қашықтықтан куәландыру жүргізу мүмкіндігі заңнамада бекітілгенімен, практикада бұл қызметтер әлі кең қолданыс таппаған. Келесі мәселе – электрондық шарттың «түпнұсқасы» деген ұғымның болуы. Қағаз шартта түпнұсқа деп тараптардың қолы қойылған нақты бір қағаз парағы саналады. Ал электрондық шартта түпнұсқа дегеніміз не? Бұл сұраққа жауап беру үшін заңнамада «түпнұсқа электрондық құжат» деген ұғым енгізілген. Түпнұсқа электрондық құжат деп – құжат жасалған сәттен бастап оның кез келген өзгерістерін бақылауға мүмкіндік беретін арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуде сақталатын құжат танылады. Бірақ көптеген практикалық жағдайларда, әсіресе қарапайым азаматтар арасында жасалатын мәмілелерде, мұндай күрделі жүйелер қолданылмайды, нәтижесінде шарттың түпнұсқалығын дәлелдеу қиындай түседі. Одан кейінгі мәселе – электрондық шарттың мазмұнына қойылатын талаптар. Қағаз шартта барлық маңызды шарттар анық, түсінікті тілмен жазылуы тиіс. Электрондық шарттарда бұл талаптар да сақталуы керек. Алайда, электрондық ортада шарттың мәтіні көбінесе ұсақ әріптермен, түсініксіз сілтемелер арқылы беріледі. Көптеген интернет-сервистерді пайдаланушылар «пайдаланушы келісімін» оқымай-ақ қабылдайды. Бұл тұтынушылардың құқықтарын қорғау тұрғысынан үлкен проблема. Кейбір елдерде мұндай «жалған келісімдерді» жарамсыз деп тану практикасы бар, бірақ Қазақстанда бұл мәселе әлі толық зерттелмеген. Кез келген шарттың жасалуы екі негізгі кезеңнен тұрады: офферта (шарт жасасу туралы ұсыныс) және акцепт (осы ұсынысты қабылдау). Азаматтық кодекстің 395-399-баптары осы институттардың дәстүрлі моделін бекітеді. Алайда, электрондық ортада бұл модель қалай жұмыс істейді? Бұл сұраққа жауап беру үшін офферта мен акцепттің электрондық нысандағы ерекшеліктерін жан-жақты талдау қажет. Электрондық офферта дегеніміз – бір адамның (офферент) екінші бір адамға (акцептант) немесе адамдардың белгіленген шеңберіне жіберген, шарттың барлық маңызды шарттарын қамтитын және оны

қабылдаған жағдайда шарт жасасуға дайын екенін білдіретін электрондық хабарлама. Электрондық оффертаның дәстүрлі оффертадан айырмашылығы – ол көбінесе автоматты түрде жіберіледі. Мысалы, интернет-дүкеннің веб-сайтындағы тауардың сипаттамасы, бағасы, жеткізу шарттары көрсетілген бет – бұл көпшілікке арналған офферта болып табылады. Бірақ мұндай оффертаның дәстүрлі мағынадағы оффертадан өзгешелігі – ол бір мезгілде шексіз көп адамдарға бағытталған. Қазақстандық заңнама мұндай оффертаны «жария офферта» деп таниды және оны құқықтық тұрғыдан толыққанды офферта ретінде қарастырады. Электрондық акцепт – оффертаны алған адамның оны қабылдау туралы еркін білдіруі. Мұнда ең қызықты мәселе – акцепттің нысаны. Қағаз шартта акцепт деп қол қою, пошта арқылы жауап хат жіберу немесе басқа да айқын әрекеттер танылады. Ал электрондық шартта акцепт ретінде «келісемін» батырмасын басу немесе электрондық цифрлық қолтаңба қою, тіпті кейбір жағдайларда конклюденттік әрекеттер (мысалы, тауарды төлеп, оны алғаннан кейін үндемей қалу) танылады. Бұл жерде заңнамада белгіленген акцепттің үнсіздікпен берілмейтіндігі туралы ережені есте сақтау қажет: тек заңда немесе тараптардың келісімінде көзделген жағдайларда ғана үнсіздік акцепт болып табылады.

Электрондық шартты жасасудың ең күрделі мәселелерінің бірі – акцепттің алынған сәтін анықтау. Азаматтық кодекстің 397-бабының 1-бөлігіне сай, шарт оффертаны берген тұлға акцепт алған сәттен бастап жасалды деп есептеледі. Бірақ электрондық байланыс арналары арқылы хабарламалардың жету сәтін қалай анықтауға болады? Электрондық хат адамның пошта жәшігіне түскен сәтте «алынды» деп есептеле ме, әлде ол оны ашып оқыған сәтте ме? Көптеген жағдайларда автоматты түрде «хабарлама жеткізілді» деген растама жіберіледі, бірақ мұндай растаманың құқықтық мәні нақты анықталмаған. Сот практикасында акцепттің алынғаны туралы растаманың болуы шарттың жасалғанын дәлелдеу үшін жеткілікті деп танылады, бірақ бұл ережеден тыс жағдайлар да кездеседі.

Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) – бұл электрондық шарттың дәстүрлі қағаз шарттан ең басты айырмашылықтарының бірі. Қағаз шартта адамның өз қолы болса, электрондық шартта адамның ерік білдіруін растайтын техникалық құрал – ЭЦҚ. Бұл сұраққа жауап беру үшін ЭЦҚ-ның түрлерін және олардың заңдық күшін талдау қажет. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтарда қабылданған «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, электрондық цифрлық қолтаңба қазіргі заманғы құқықтық қатынастар жүйесінде тұлғаның өз қолымен қойылған қолтаңбасына теңестіріледі. Бұл теңдік белгілі бір құқықтық шарттар сақталған жағдайда ғана қамтамасыз етіледі. Атап айтқанда, электрондық цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалығы тіркеу куәлігі бар ашық кілт арқылы расталуы тиіс, ал қол қоюшы тұлға қолтаңбаның жабық кілтіне заңды түрде иелік етуі қажет. Сонымен қатар, қолтаңба тіркеу куәлігінде көрсетілген деректерге толық сәйкес қолданылып, оны Қазақстан Республикасында аккредиттелген куәландырушы орталық немесе сенім білдірілген үшінші тарап ретінде танылған шетелдік орталық берген жағдайда, мұндай қолтаңба дәстүрлі қолтаңбамен бірдей заңдық салдарға әкеледі. Алдымен ЭЦҚ-ның үш түрін ажыратып көрейік. Біріншісі – қарапайым электрондық цифрлық қолтаңба. Бұл – логин мен пароль, SMS-растау, бір реттік кодтар сияқты қарапайым құралдар. Мұндай қолтаңбаның заңдық күші шектеулі: ол тек тараптардың арасындағы келісім болған жағдайда ғана және заңнамада арнайы талаптар белгіленбеген жағдайларда ғана қолданыла алады. Мысалы, интернет-дүкеннен тауар сатып алғанда, төлем картасының деректерін енгізу және SMS-кодты растау – бұл қарапайым ЭЦҚ-ның мысалы. Екінші түрі – күшейтілген білікті емес электрондық цифрлық қолтаңба. Бұл қолтаңба криптографиялық әдістермен жасалады және оның көмегімен құжатқа қол қойған тұлғаны анықтауға, сондай-ақ құжаттың қолтаңба қойылғаннан кейін өзгертілмегенін растауға болады. Бірақ бұл қолтаңбаның арнайы куәландыру орталығынан алынған сертификаты жоқ. Мұндай қолтаңбаның заңдық күші де тараптардың келісімімен ғана танылады, бірақ оның дәлелдемелік құндылығы қарапайым ЭЦҚ-ға қарағанда жоғары. Үшінші түрі – күшейтілген білікті электрондық цифрлық қолтаңба. Бұл – ең жоғары заңдық күші бар ЭЦҚ түрі. Ол арнайы куәландыру орталығы беретін сертификат негізінде жасалады және оның қағаз құжаттағы

қолтаңбаға толық тең екендігі заңнамада тікелей бекітілген. Білікті ЭЦҚ-сы бар электрондық құжат сотта дәлелдеме ретінде қабылданады, оған қосымша растаулар талап етілмейді. Мемлекеттік органдармен, банктермен, нотариустармен жасалатын мәмілелерде, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуларда тек білікті ЭЦҚ қолданылады. Алайда, ЭЦҚ-ның кеңінен таралуына кедергі болатын бірқатар проблемалар бар. Біріншіден, білікті ЭЦҚ алу процедурасы азаматтар үшін, әсіресе орта және үлкен жас шамасындағы тұлғалар үшін күрделі. Оны ашып, тіркеу үшін халыққа қызмет көрсету орталықтарына аяқтай барып, жеке куәлікті тапсырып, өтініш толтыру керек. Бұл көп уақытты алады. Екіншіден, ЭЦҚ-ны пайдалануды жүзеге асыру үшін арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету қажет. Көптеген қарапайым пайдаланушылар бұл бағдарламаларды орнатуды, конфигурациялауды білмейді. Үшіншіден, ЭЦҚ-ны сақтау мәселесі. ЭЦҚ көбінесе флэш-дискіде немесе компьютердің қатты дискісінде сақталады. Бұл жеткізгіштердің зақымдалуы, ұрлануы немесе жоғалуы ықтимал. Егер ЭЦҚ басқа адамның қолына түссе, ол құжаттарға заңсыз қол қоя алады. Сондықтан ЭЦҚ-ны сақтау ережелерін қатаң сақтау өте маңызды.

Электрондық шарттар қазіргі азаматтық айналымның ажырамас бөлігіне айналды. Олар дәстүрлі шарттармен салыстырғанда көптеген артықшылықтарға ие: жеделдік, ыңғайлылық, қашықтықтан жасасу мүмкіндігі, қағаз шығындарын үнемдеу. Алайда, олармен бірге жаңа құқықтық және техникалық мәселелер де келді. Осы мақалада жүргізілген талдау электрондық шарттардың дәстүрлі шарттармен салыстырғанда елеулі ерекшеліктері бар екенін көрсетті. Бірақ бұл ерекшеліктер олардың құқықтық табиғатына әсер етпейді. Электрондық шарт – бұл әлі күнге дейін азаматтық құқықтың жалпы қағидаттарына негізделген шарт. Оның мәні тараптардың келісімінде, ал электрондық жеткізгіш бұл келісімнің тек нысаны ғана. Электрондық шарттардың азаматтық құқықтық табиғатын зерттей келе, келесі тұжырымдар жасауға болады. Біріншіден, электрондық шарт – жазбаша мәміленің бір түрі. Қазақстан заңнамасы электрондық құжатты қағаз құжатпен теңестіреді, сондықтан электрондық шарттардың заңды күші дәстүрлі шарттармен бірдей. Екіншіден, электрондық шарттың жасалуына қойылатын талаптар – ерік білдірудің еріктілігі, тараптардың құқыққа қабілеттілігі, шарттың заңдылығы – дәстүрлі шарттар сияқты сақталуға тиіс. Үшіншіден, электрондық шарттардың өзіндік ерекшеліктері (материалдық емес жеткізгіш, ЭЦҚ, жасалудың жеделдігі, қашықтықтан жасасу) олардың құқықтық табиғатын өзгертпейді, тек қосымша құқықтық реттеуді талап етеді. Электрондық шарттар институтын одан әрі дамыту үшін бірқатар шаралар қабылдау қажет. Біріншіден, электрондық шарттарды нотариаттық куәландырудың қарапайым әрі қолжетімді тәртібін әзірлеу керек. Қазіргі таңда бұл салада электрондық нотариат институты дамып келеді, бірақ оның қызметтері әлі де кең таралмаған. Екіншіден, трансшекаралық электрондық шарттарға қолданылатын құқықты анықтайтын арнайы коллизиялық нормалар қабылдау қажет. Бұл нормалар электрондық шарттардың ерекшеліктерін ескеріп, олардың жасалған орнын, қолданылатын заңды анықтаудың нақты тетіктерін ұсынуы керек. Үшіншіден, электрондық шарттардың түпнұсқалығын растайтын бірыңғай уәкілетті орган құру пайдалы болар еді. Бұл орган ЭЦҚ сертификаттарын беріп, олардың жарамдылығын бақылап, даулы жағдайларда сараптама жүргізе алады. Төртіншіден, халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру – бұл ұзақ мерзімді, бірақ ең тиімді шара. Адамдарға электрондық шарттардың артықшылықтары мен тәуекелдерін түсіндіріп, оларды қауіпсіз пайдалануды үйрету керек.

Қорытындылай келе, электрондық шарттар – бұл болашақтың технологиясы емес, бүгінгі күннің шындығы. Олардың азаматтық құқықтық табиғатын дұрыс түсіну заң шығарушыға осы институтты тиімді реттеуге, құқық қолдану практикасындағы олқылықтарды жоюға, азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді. Заманауи қоғам цифрландыру жолында алға ұмтылып келе жатқандықтан, электрондық шарттардың маңызы арта түспек. Сондықтан бұл саладағы ғылыми зерттеулер мен заңнамалық реформалар өзектілігін жоғалтпайды.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). – Алматы, 1994 жылғы 27 желтоқсан.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). – Алматы, 1999 жылғы 1 шілде.
3. Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңы. – Астана, 2003 жылғы 7 қаңтар.
4. Қазақстан Республикасының «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңы. – Астана, 2016 жылғы 26 шілде.
5. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Банктердің электрондық банк қызметтерін көрсету тәртібі туралы» қағидаларды бекіту туралы № 212 қаулысы. – 2016 жылғы 31 тамыз.
6. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Электрондық ақша шығару, пайдалану және өтеу тәртібі туралы» қағидаларды бекіту туралы № 202 қаулысы. – 2016.
7. UNCITRAL. Электрондық коммерция туралы үлгілік заң. – 1996.
8. М.А. Жұмаділова, А.Ж. Исаева, Б.Ж. Айтимов. Электрондық мәмілені жүзеге асыру кезіндегі коммерциялық құпияны қорғаудың құқықтық негіздері // Серия «Право». – 2022.
9. Жетибаев Жандос Копжасарович. Электрондық мәмілелерді ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму дәуірінде жасау және орындау ерекшеліктері. – Нұр-Сұлтан, 2022.